

Абдуллаева Акерке Тойшыбаевна
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің докторанты
(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: akerke.abdullayeva@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0009-0001-2565-7397>

ҰЛТ КӨСЕМІ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ТАРИХИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПОРТРЕТІ

Аңдатпа

Мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ халқының саяси және рухани өмірінде айрықша із қалдырған ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі, мемлекет және көрнекті қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның тарихи-психологиялық болмысын жан-жақты зерделеу көзделеді. Зерттеу барысында тұлғаның адамгершілік қасиеттері, саяси ұстанымдары, дүниетанымдық бағыттары мен ұлттық сана, мемлекеттік идеяларын қалыптастырудағы тарихи рөлі терең талданады. Әлихан Бөкейханның көшбасшылық қабілеті, рухани беріктігі және парасаттылығы мен ерік-жігері XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында орын алған саяси-әлеуметтік оқиғалармен байланыстырыла отырып сипатталып, оның ұлт тағдыры алдындағы жауапкершілігі мен күрескерлік рухының психологиялық қырлары ашылады. Әлихан Бөкейханның қоғамдық-саяси қызметі мен мінез-құлықтарының ерекшеліктері, ұстанымдары, тарихи деректер мен замандастарының естеліктері, ғылыми еңбектер негізінде сараланып, оның қазақ халқының болашағы мен тәуелсіздігі, бірлігі жолындағы қызметінің тарихи-психологиялық астары мен ұлттық рухты қалыптастырудағы ерекше рөлі айқындалады. Сонымен қатар, шетелдік зерттеушілердің еңбектеріндегі өз дәуірінің интеллектуалдық символы, демократиялық ойдың жаршысы және ұлттық өзіндік сананы оятқан ағартушы, биік мәдениетті және моральдық құндылықтарды ұстаған гуманистік тұлға ретінде сипатталған Әлихан Бөкейханның тұлғасына берілген ғылыми сипатқа баса назар аударылады.

Түйін сөздер: Әлихан Бөкейхан, ұлт көсемі, тарихи-психологиялық портрет, көшбасшылық, ұлттық сана, Алаш идеясы.

Абдуллаева Акерке Тойшыбаевна
Докторант PhD, Международный казакско-турецкий университет
имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан) e-mail: akerke.abdullayeva@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0009-0001-2565-7397>

ИСТОРИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ПОРТРЕТ ЛИДЕРА НАЦИИ АЛИХАНА БУКЕЙХАНА

Аннотация

В статье ставится цель всесторонне исследовать историко-психологический облик Алихана Букейхана лидера национально-освободительного движения, государственного и общественного деятеля, оставившего глубокий след в политической и духовной жизни казахского народа начала XX века. В ходе исследования подробно анализируются нравственные качества личности, политические взгляды, мировоззренческие позиции, а также историческая роль Алихана Букейхана в формировании национального сознания и государственных идей. Его лидерские способности, духовная стойкость, мудрость и сила воли рассматриваются в контексте социально-политических событий начала XX века, раскрываются психологические аспекты его ответственности перед судьбой народа и

борческого духа. Общественно-политическая деятельность, личные качества и принципы Алихана Букейхана изучаются на основе исторических источников, воспоминаний современников и научных трудов. Особое внимание уделяется анализу его вклада в формирование национального духа, борьбу за независимость и единство казахского народа. Кроме того, рассматриваются оценки зарубежных исследователей, характеризующих Алихана Букейхана как интеллектуальный символ своей эпохи, носителя демократической мысли, просветителя, пробудившего национальное самосознание, человека высокой культуры и моральных ценностей.

Ключевые слова: Алихан Букейхан, лидер нации, историко-психологический портрет, лидерство, национальное сознание, идея Алаша.

Abdullayeva A.

Doktora öğrencisi PhD,

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi,
(Kazakistan, Türkistan) e-mail: akerke.abdullayeva@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0009-0001-2565-7397>

MİLLİ LİDER ALİHAN BÖKEYHAN'IN TARİHİ VE PSİKOLOJİK PORTRESİ

Özet

Makale, XX. yüzyılın başlarında Kazak halkının siyasi ve manevi yaşamında derin iz bırakan, ulusal bağımsızlık hareketinin lideri, devlet ve toplum adamı olan Alihan Bökeyhan'ın tarihî-psikolojik portresini kapsamlı biçimde incelemeyi amaçlamaktadır. Araştırmada onun ahlaki nitelikleri, siyasi görüşleri, dünya görüşü ve ulusal bilinç ile devlet fikirlerinin oluşumundaki tarihî rolü ayrıntılı biçimde analiz edilmektedir. Alihan Bökeyhan'ın liderlik yeteneği, ruhsal direnci, bilgelik ve irade gücü XX. yüzyılın başlarındaki Kazak toplumunda yaşanan sosyo-politik olaylarla ilişkilendirilerek ele alınmakta, onun halkının kaderi алдындағы sorumluluk duygusu ve mücadeleci ruhunun psikolojik yönleri ortaya konulmaktadır. Alihan Bökeyhan'ın toplumsal-siyasal faaliyeti, kişisel özellikleri ve ilkeleri tarihî kaynaklar, çağdaşlarının anıları ve bilimsel çalışmalar temelinde incelenmektedir. Ayrıca onun Kazak halkının bağımsızlığı, birliği ve geleceği uğruna hizmetinin tarihî-psikolojik yönü ile ulusal ruhun oluşumundaki özel rolü vurgulanmaktadır. Bununla birlikte, yabancı araştırmacıların eserlerinde Alihan Bökeyhan'ın çağının entelektüel sembolü, demokratik düşüncenin öncüsü, ulusal bilinci uyandıran bir aydın, yüksek kültür ve ahlaki değerlere sahip hümanist bir şahsiyet olarak tasvir edilmesine özel önem verilmektedir.

Anahtar kelimeler: Alihan Bökeyhan, ulusal lider, tarihî-psikolojik portre, liderlik, ulusal bilinç, Alaş fikri.

Abdullayeva A.

PhD student, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University,
(Kazakhstan, Turkistan) e-mail: akerke.abdullayeva@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0009-0001-2565-7397>

THE HISTORICAL AND PSYCHOLOGICAL PORTRAIT OF THE NATIONAL LEADER ALIKHAN BOKEIKHAN

Abstract

The article aims to comprehensively study the historical and psychological image of Alikhan Bokeikhan the leader of the national liberation movement, a prominent statesman and public figure who left a profound mark on the political and spiritual life of the Kazakh people at the beginning of the twentieth century. The study thoroughly analyzes his moral qualities, political principles, worldview orientations, and historical role in shaping national consciousness and statehood ideas. Alikhan Bokeikhan's leadership abilities, spiritual resilience, wisdom, and determination are examined in relation to the socio-political events of early twentieth-century Kazakh society,

revealing the psychological dimensions of his sense of responsibility and his spirit of struggle for the fate of the nation. His public and political activity, personal characteristics, and principles are analyzed based on historical sources, contemporaries' memoirs, and scholarly works. Particular attention is paid to his contribution to the formation of the national spirit and to his service for the independence and unity of the Kazakh people. In addition, the works of foreign researchers are reviewed, highlighting Bokeikhan's portrayal as an intellectual symbol of his era, a herald of democratic thought, an enlightener who awakened national self-consciousness, and a humanist of high culture and moral integrity.

Keywords: Alikhan Bokeikhan, national leader, historical-psychological portrait, leadership, national consciousness, Alash idea.

Кіріспе. XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ халқының ұлттық санасының жаңғыруы мен саяси тәуелсіздікке ұмтылыс кезеңінде тарихи аренаға шыққан тұлғалардың ішінен Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның орны ерекше. Әлихан Бөкейхан ұлт азаттығы мен демократиялық идеялардың негізін қалаған, саяси күрескер, ғалым, публицист әрі қоғам қайраткері. Оның есімі Алаш қозғалысының тарихымен тығыз байланысты. Әлихан Бөкейханның тұлғасы ұлттық таихтың ғана емес, жалпы түркі өркениетінің рухани дамуында маңызды рөл атқарады.

Өзектілігі. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның тұлғалық болмысын тарихи-психологиялық тұрғыдан зерделеу - қазіргі тұлғатану ғылымы мен ұлттық көшбасшылық феноменін түсінудегі маңызды әрі өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда оның мінез-құлық ерекшеліктері, дүниетанымы, шешім қабылдау стилі, ерік-жігері мен сенім сипатын талдау арқылы ұлттық көшбасшының психологиялық табиғаты ашылады. Тарихи тұлғаның психологиялық бейнесін талдау оның тек саяси қоғамдық қызметін ғана емес, рухани әлемін, ұлт алдындағы жауапкершілігін және ерік қуатын түсінуге мүмкіндік береді. Әлихан Бөкейханның өмір жолы ұлттық сана мен рухани тәуелсіздіктің қалыптасуымен тығыз байланысты. Мәселен, ол патшалық Ресей мен кеңестік биліктің саяси қысымына, империялық идеология мен кеңестік қуғын-сүргінге қарамастан ұлт тағдыры үшін күресте табандылық пен парасаттылық танытқан тұлға ретінде танылды. Мұндай сипат Әлихан Бөкейханның ішкі ерік қуатын, ұлттық миссияға адалдығын және тұлғалық тұрақтылығын анықтайды. Сондай-ақ, бұл зерттеу жұмыс ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның тарихи-психологиялық портретін айқындап, оның рухани әлемі мен көшбасшылық феноменін ұлттық сана мен тәуелсіздік идеясының контекстінде қарастыруды мақсат етеді.

Мақсаты мен міндеттері. Мақаланың зерттеу нысаны Әлихан Бөкейханның тұлғасы болғандықтан зерттеудің мақсаты Әлихан Бөкейханның тарихи-психологиялық портретін жасау арқылы оның рухани болмысын, ұлттық идеяға деген тұрақты ұстанымын және көшбасшылық қасиеттерін ғылыми тұрғыда талдап көрсету. Ал міндеттері: Әлихан Бөкейханның тұлғалық қалыптасуына ықпал еткен тарихи-әлеуметтік және рухани факторларды саралау, тұлғаның ерік-жігері мен сенім тұрақтылығы, эмоциялық ұстамдылығының көшбасшылық қасиетпен байланысын ашу, ұлт көсемінің рухани мәдениетін ұлттық сананың қалыптасуы мен тәуелсіздік идеясының дамуы контекстінде талдау, зерттеушілер еңбектері мен заманауи интернет-ресурстарды пайдалана отырып, тұлғаның психологиялық болмысын жаңа ғылыми әдіснама тұрғысынан бағалау.

Нәтижелер. Зерттеу барысында Әлихан Бөкейхан тұлғасының тарихи психологиялық портреті жан-жақты қарастырылды. Оның өмірлік ұстанымы, саяси қызметі, мінез-құлқы және рухани қасиеттері – XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы ұлттық сана мен мемлекетшілдік идеялардың қалыптасуына айрықша ықпал еткен факторлар ретінде бағаланды. Зерттеу нәтижесінде көрінгендей Әлихан Бөкейханның тұлғалық қасиеттері ұлттық көшбасшылық феноменінің басты компоненттері адалдық, рухани тұрақтылық, әділдік және моральдық жауапкершілік ретінде бағалануға лайық.

Материалдар мен зерттеу әдістер. Қазақ зиялыларының жеке өмірі, қоғамдық-саяси қызметі және шығармашылығын объективті түрде зерттеу, яғни XX ғасырдың 20-30

жылдары Түркістан өңірі мен Мәскеуде жауапты мемлекеттік қызметтер атқарған Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов, С. Қожанов, С. Асфендияров және ұлттық қозғалыстың жетекшісі Әлихан Бөкейхан секілді тарихи тұлғалардың саяси өмірі мен қызметі туралы деректер ғылыми айналымға енгізіліп, олардың тарихи рөлі мен ұлттық көшбасшылық феноменіндегі орнына қатысты маңызды ғылыми тұжырымдар еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары ғана түбегейлі қолға алынды. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның өмірі мен қызметіне қатысты тарихи деректер, естеліктер, публицистикалық мұралары мен хаттары, сондай-ақ, отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды. Негізгі зерттеудің теориялық және деректік көздері ретінде В.И. Козодойдың «Алихан Бөкейханов: человек эпоха» [1], М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» [2], Д.Аманжолованың «Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш» [3] және Т. Омарбековтің «20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті» [4] атты авторлардың еңбектері пайдаланылды. Тұлғаның тарихи болмысын кешенді түрде зерделеу мақсатында тарихи-генетикалық, тарихи-психологиялық және контенттік талдау әдістері қолданылды.

Талқылау және нәтижелер. Тарих әр кезеңде өз уақытының қоғамдық, саяси және рухани өлшемдерімен өмір сүреді. Уақыт өткен сайын сол дәуірдің оқиғалары мен тұлғалары тарих сахнасынан кетсе де, олардың өнегесі мен идеялары ұлт жадында мәңгілік із қалдырады. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси серпіні мен рухани қозғалыстары да дәл осылай өткеннің құбылысы бола тұра, бүгінгі тәуелсіздік идеясымен сабақтасып жатыр. Сол тарихи кеңістіктен бой көрсеткен Әлихан Бөкейхан тұлғасы өз дәуірінің шындығын бойына сіңіріп, келер ұрпаққа рухани бағдар бола білген феномен. Оның өмір жолы мен дүниетанымы ұлт тағдырымен өрілген, тарихи процест танытатын маңызды дерек. Сондықтан Әлихан Бөкейханның тұлғалық қабілетін тарихи-психологиялық тұрғыда зерделеу бір жағынан өткен дәуірдің келбетін ашса, екінші жағынан қазіргі ұлттық сана мен парасат мәдениетінің қалыптасу заңдылығын пайымдауға мүмкіндік береді.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан тұлғасын тарихи-психологиялық тұрғыдан зерделеуде оның шыққан тегі мен рухани қалыптасу ортасын ескермеу мүмкін емес. Тұлғаның дүниетанымдық және мінездік ерекшеліктері ең алдымен оның өскен ортасының мәдени-ағартушылық деңгейімен, отбасылық тәлім-тәрбиесімен, дәстүрлі құндылықтарымен сабақтас. Әлихан Бөкейхан 1866 жылдың жайма-шуақ көктемінде қазақтың дәстүрлі билік жүйесі мен рухани мәдениеті айрықша сақталған өңір Қаратаулы уезінің Тоқырауын болысында дүниеге келген. Ол Бөкейханнан тарайтын төре әулетінің төртінші буыны, арғы тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан өрбитін текті әулеттің ұрпағы [5, 3]. Әкесі Нұрмұхаммед өз ортасында байсалды, әділ, парасатты білім мен дәстүрге берік ұстанымымен елге танылған беделді тұлға болса, анасы Бегім ханым тобықты руының батыры Мамайдың қызы, ісмер, қолөнер шебері әрі жетім балаларға тегін сабақ берген мейрімді, ізгілікті әрі сауатты жан болған [6]. Осындай тектілік пен рухани бай ортада тәрбиелену болашақ ұлт көсемінің тұлғалық болмысында адамгершілік пен әділеттілікке негізделген мінез, парасат пен сабыр, ізгілік пен жауапкершілік сияқты қасиеттердің орнығуына ықпал етті. Осы рухани-мәдени алғышарттар оның кейінгі зияткерлік және көшбасшылық дамуының іргетасына айналды. Ана мейірімі мен әке көрегендігін бойына сіңірген Әлихан Бөкейхан ерте кезден ұлттық сана мен ел тағдырына қатысты мәселелерді терең пайымдайтын, рухани тұрғыда жауапты тұлға болып қалыптасты. Оның дүниетанымдық қабілетін зияткерлік пайымы мен адамгершілік үйлесімі айқындады.

Әлихан Бөкейханның ойлау мәдениеті мен мінезіндегі терең парасаттылықты В. И. Казадойдың еңбегіндегі сипаттама да дәлелдейді: «Букейханов принадлежал к числу тех, кто соединял европейскую образованность с восточной мудростью». Бұл сипаттамадан ұлы тұлғаның шығыс дүниетанымы мен батыс өркениеттік ойлау жүйесін үйлестірген синтетикалық мәдени типін айқыдалатынын байқаймыз. Сонымен қатар, зерттеуші оның психологиялық табиғатына да ерекше назар аударады: «Он никогда не отрекался от своих убеждений, даже тогда, когда это грозило жизнью» [1, 38-61]. Бұл тұжырымнан Әлихан

Бөкейханның ішкі рухының беріктігін, идея алдындағы табандылығын және моральдық ұстанымдарының мықтылығын көреміз. Осы екі сипаттаманы тарихи-психологиялық тұрғыда салыстыра қарастырғанда, Әлихан Бөкейхан бейнесінен парасат мәдениетінің интеллектуалдық және рухани үйлесімге құрылған үлгісін көруге болады. Бұл жоғарыда айтқандай ұлы тұлғаның бойындағы шығыстық даналық пен еуропалық зерделілік ұлттық көшбасшылықтың жаңа ізін көрсетеді. Бұл құбылыс психологиялық-портреттік тұрғыдан ұлы тұлғаның ерік-жігері мен рухани жауапкершілік қасиеттерінің тұтастығын көрсетеді. Демек, Әлихан Бөкейхан білім мен мінездің, парасат пен ұлтқа адалдықтың синтезін бейнелейтін тарихи тұлға, яғни ұлт көсемінің психологиялық бейнесі мен мәдени болмысын тұтастандырған феномен.

Қазақ тілін жетік меңгерген, ойы жүйелі, сөзі тиянақты, ешқашан қызыл сөзге, көпсөздікке жол бермеген Әлихан Бөкейханның мінез-құлқы тарихшы ғалымдар мен жазушылардың назарынан да тыс қалмаған. Жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбай ұлт көсемінің мінезіндегі негізгі үш қасиетін атап көрсете отырып бұл қасиеттерді Лиза Бекмаханқызының естеліктерімен толықтырады [7]. Біріншіден, ол турашыл және әділ болып, өз ойын ашық жеткізген, қысым көрсететін адамдар алдында да сабырлы және мәдениетті мінез көрсете білген. Екіншіден, оның даралығы мен ықпалы адамдарға ерекше әсер етіп, кейде еркін сөйлесе алмай қалатындай мысының басым болғандығы. Ол туралы Лиза әкесін тұтқындауға суыт кіріп келген тергеушілерді ұлы тұлғаның аспай-саспай қасқая қарсы алып суық жүзді тергеушілердің іркіліп қалғанын айтса, ұлы тұлғаның мысының басымдығы жайында Әлкей Марғұлан, Қалижан Бекхожин, Ғалым Ахмедов, Мариям Мұқанова, Валентина Николаевна Әуезова естеліктерінен де кездестіруге болады. Үшіншіден, Әлихан Бөкейханның нәзік жанды, бауырмал және сезімтал болғанын Лиза Смағұл қайтыс болғанда оның қатты қайғырғанын, жақындарының қайғысына шын жүректен алаңдайтынын, мейрімділігін жеткізеді. Осы тұста Әлихан Бөкейханның тұлғалық болмысын психологиялық тұрғыдан талдау оның күрескелік, парасаттылық және адами қасиеттерінің ерекше үйлесімін айқын көрсетеді. Біріншіден, Әлихан Бөкейханның турашылығы мен әділдікке адалдығы оның ерік-жігері мықты, ішкі сенімі берік тұлға екенін танытады. Бұл қасиет оның мінезіндегі принципшілдіктің және моральдық тұрақтылықтың айғағы болып табылады. Екіншіден, оның болмысынан байқалатын айбынды сабыр мен мысы басым лидерлік қабілетінің жоғары екендігін көрсетеді. Мұндай мінез түрі ұлы тұлғаның эмоциялық тұрақтылығын, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауын және айналасындағыларға психологиялық ықпал ету мүмкіндігін білдіреді. Үшіншіден, жаны нәзік, бауырмал қасиеті оның жоғары деңгейдегі эмпатиялық сезімін, адамгершілік интуициясын және рухани тереңдігін көрсетеді. Осындай мінездік ерекшеліктер оны ұлт көшбасшысы ретінде ғана емес, сонымен қатар гуманистік қасиеттері бар дара тұлға ретінде қалыптастырған.

Сондай-ақ, жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбай өз еңбектерінде Әлихан Бөкейханның ұлт пен жер мәселесіне қатысты негізгі бес ұстанымын атап көрсетеді. Алашорда үкіметінің төрағасы және көрнекті қоғам қайраткері ретінде Әлихан Бөкейханның «Тіл үшін күрес неге жүріп жатыр? Қазақ тілі деген не? Қазақ тілінің ар жағында жатқан мәселе - жер. Біз мына жерді қазақ болып, қазақша сөйлеп қана қорғай аламыз» - деген сөздері оның ұлт пен жер мәселесіне қатысты көзқарасының тереңдігін көрсеткен. Қазақ тілінің және ұлттық мәдениеттің тағдырын елдің байтақ жерімен байланыстырған ұлы тұлға өз жерімізде тіліміз бен дінімізді, ділімізді сақтай отырып пайдалы қазбаларымызды тиімді пайдаланып үлкен ұлттық-демократиялық мемлекет құру болған. Осы тұста Әлихан Бөкейханның көзқарасынан бес ұстанымын көруімізге және ол жеке басының мүддесіне емес, бүкіл ұлттың болашағына бағытталғанын байқаймыз. Төмендегі кестеде ұлы тұлғаның бес ұстанымының мәнін көре аламыз:

Кесте 1

Әлихан Бөкейханның тұлғалық және дүниетанымдық ұстанымдары		
Ұстаным атауы	Негізгі мазмұны	Түсіндірме/маңызы

	Жер-ұлттың тірегі	Қазақтың байырғы жері қазаққа тиесілі болу керек	Жер мемлекеттің негізі. Әлихан Бөкейхан жерді халықтың ортақ меншігі ретінде қорғауды басты мақсат етті.
	Жер байлығы халыққа қызмет етуі тиіс	Жердің үсті де, асты да халықтың игілігі	Табиғи ресурстар ұлттық мүддеге бағытталуы қажет. Әлихан Бөкейхан экономикалық тәуелсіздікті осы қағидамен байланыстырды.
	Экономикалық дербестік пен ішкі бірлік	Қазақ жерінде өндірілген өнім қазаққа қызмет етуі керек	Ұлттық өндіріс пен ішкі нарықты қалыптастыру арқылы экономикалық тәуелсіздікке жету мақсатын ұсынды.
	Тіл, дін және ділдің үстемдігі	Мемлекет құрушы ұлттың рухани құндылықтарын сақтау	Рухани тәуелсіздік саяси тәуелсіздік мүмкін емес деп санады. Тіл мен мәдениетті ұлттық тұтастықтың өзегі деп білді.
	Жапония үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру	Ғылым мен әділ заңға сүйенген өркениетті мемлекет құру	Ұлттық салтқа негізделген демократиялық қоғам Әлихан Бөкейханның түпкі мұраты. Бұл ұстаным ұлттық жаңғыру идеясымен ұштасады.

Әлихан Бөкейханның жоғарыда көрсетілген бес ұстанымы оның тұлғалық болмысын тек саяси көшбасшы деңгейінде ғана емес, сонымен қатар рухани-гуманистік, интеллектуалдық және психологиялық тұрғыдан кемелденген тұлға ретінде айқындайды. Ұстанымдардың мазмұнына үңілсек, Әлихан Бөкейханның өмірлік бағыты еркіндік пен әділеттілікке сену, білім мен руханиятты үйлестіре білу оның басты принциптері болған. Әлихан Бөкейхан ұлтың болашағын ғылыми біліммен, мәдениеттілікті және құқықтық сананы дамыту арқылы қамтамасыз етуге тырысқан. Осы қасиеттері арқылы Әлихан Бөкейханның тұлғалық феномені ұлттық көшбасшының тарихи-психологиялық моделін танимыз, яғни, ақыл мен жүректің үндестігіне, ой пікір мен рухани биіктікке сүйенген көшбасшы бейнесі болып көрінеді.

«Хан баласында қазақтың хақы бар еді, тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген Әлихан Бөкейханның әйгілі сөзі оның ұлт тағдыры алдындағы азаматтық ұстанымы мен өмірлік мұратын айқындаған тарихи мәлімдеме болып табылады. Егер ұлы тұлға өзінің бас пайдасын ғана ойлап, патша заманында мансапқор, шен-шекпенге қызығып, ұлық болғысы келсе, өзі ақсүйек, хан әулеті әрі оқымысты Әлихан Бөкейханға ол жол оңай еді. Бірақ ұлт көсемі ұстанымының түп төркініне үңілсек, ол өзінің тектік шығу тегіне қарамастан «тегім төре болса да, мен қазақ халқының перзентімін, ел алдындағы парызым халқымның азаттығы жолында қызмет ету» деген қағиданы берік ұстанғанын көреміз. Бұл көзқарас оның дүниетанымдық және саяси-әлеуметтік ұстанымдарының өзегін құрайтын басты идея, яғни халыққа адал қызмет ету, ұлттық мүддені жеке бастың қамынан жоғары қою принципі.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, бұл ұстаным Әлихан Бөкейхан тұлғасының тарихи-психологиялық бейнесін ашуда ерекше маңызға ие. Ол тек саяси лидер ғана емес, ұлттық рухтың серпінді дамуына ықпал еткен тұлғалық феномен ретінде көрініс табады. Әлихан Бөкейханның бұл қағидасы оның барлық қоғамдық саяси қызметінің мазмұнын айқындап, кейін Алаш партиясы мен Алаш автономиясының идеялық негізіне айналып, ұлы тұлға тұңғыш Қазақ республикасының төрағасы болып сайланды. Оның тұлғасына тән табандылық, ұлтқа адалдық пен әділдік сезімі саяс іс-әрекеттерінен айқын көрінеді. Әлихан Бөкейхан руға, жүзге бөлінуге қарсы болып халықты тұтас ұлт ретінде біріктіруге ұмтылды. Ол әлеуметтік жағдайына немесе біліміне қарамастан әр алдамға тең қарады және демократиялық сайлау дәстүрінің негізін қалыптастырды. Алаш көсемінің «жер», «ұлттық

байлық», «экономикалық тәуелсіздік», «мәдени үстемдік» және «ғылымға негізделген мемлекет» идеялары оның тарихи санасының тереңдігін, рухани парасатын және ұлттық көшбасшылық феноменін танытатын факторлардың тағы да бір дәлелі. Демек, «қазаққа қызмет ету» ұлт көсемінің өмірлік миссиясы мен тарихи рөлін сипаттайтын негізгі концепт ретінде бағаланады.

Әлихан Бөкейханның мінезінің ең көрнекті қырларының бірі принципшілдік пен интеллектуалдық тәуелсіздік. Ұлтының намысын бәрінен биік қойған ол «Ұлтына, жұртына қызмет ету білімнен емес, мінезден» деп жазып, сөзін ісімен дәлелдеген тұлға. Ел мен жер тағдырына қатысты мәселелерде ол әрдайым табандылықпен мінез танытқан. Рухы биік, өресі кең Әлихан Бөкейхан өз заманының саяси билігімен санаса отырып, ұлттық мүддені қорғаудан ешқашан бас тартпаған. Бұл оның Сталинмен кездесуден бас тартуынан да айқын көрінеді. Әлімхан Ермековтың естелігінде бұл оқиға нақты сипатталады: «В.И. Ленин өзі төрағалық еткен алғашқы мәжілістің соңында бізге Сталинге барып, автономия жобасы жөнінде пікірлесуді ұсынды. Бірақ Әлихан Бөкейхан: «Сталин не шешер дейсің, оның не ойы, не білімі көлемді емес. Онанда өзіміз жеке шешкеніміз дұрыс», - деп бұл кездесуден бас тартты» [8, 244] дейді. Бұл жәйт Әлихан Бөкейханның ішкі сенімінің беріктігін, саяси еркіндігі мен интеллектуалдық тәуелсіздігін дәлелдейтін айқын көрініс. Ол билікке жалтақтамай, шешімді әрдайым ұлттық мүддені басшылыққа алып қабылдаған. Демек, Әлихан Бөкейханның осы қасиеттерінен ұлттық көшбасшылық психологиясының басты белгілері принципшілдік, ерік-жігер және рухани тәуелсіздік айқын байқалады.

1920-жылдардағы саяси қудалау мен қуғын кезеңі қазақ зиялыларының тағдырына ауыр соққы болып тиген тарихи кезеңдердің бірі. Осы сындарлы сәтте де Әлихан Бөкейхан ұлттық идеямен азаттық мұраттан айнымаған тұлға ретінде ел жадында қалды. Оның ұлт алдындағы берік ұстанымы мен рухани табандылығы замандастарының естеліктерінде айқын көрініс тапқан. Мәселен, Алаш қозғалысының көрнекті өкілі Жұмахан Күдерин өз естелігінде 1932 жылы Алаш зиялыларының үстінен сот болар алдында орын алған оқиғаны былайша сипаттайды: «Темір жол вокзалынан бізді күтіп алған Әлихан бөкейхан: «Жігіттер, сендер не үшін сотталып бара жатқандарыңды білесіңдер. Сендерді соттап отырған жүйені де білесіңдер. Ешкімнің алдында кінәларың жоқ! Сендер ел үшін сотталып бара жатқан азаматсыңдар! Мұңаймандар! Бастарыңды төмен түсірмендер! Алда жақсылық болады», - деп шығарып салды» [9]. Бұл оқиғада Әлихан Бөкейхан тұлғасының психологиялық және рухани болмысын айқындайтын маңызды сипаттардың бірі болып табылады. Біріншіден, оның бойындағы рухани беріктік пен ерік-жігердің жоғары деңгейі саяси қысыммен қудалау жағдайында да сенімінен таймауына мүмкіндік берді. Ол өз серіктері үшін моральдік тірек, рухани демеу бола білді. Екіншіден, эмоциялық ұстанымдылық пен сабырлылық оның басты ерекшеліктері. Осындай ауыр кезеңдерде де сабырмен сөйлеп, серіктерін рухтандыруы тұлғаның ішкі мәдениеті мен парасатының биіктігін көрсетті. Үшіншіден, Әлихан Бөкейхан бойынан моральдық көшбасшылық пен ұлттық жауапкершілік сезімі ерекше байқалады. Оның «Сендер ел үшін сотталып бара жатқан азаматсыңдар!» деген сөзі ұлт мүддесін жеке бастың тағдырынан жоғары қоюдың тағы да бір айқын дәлелі болып табылады.

Ғылыми тұрғыдан алғанда бұл эпизот Әлихан Бөкейхан тұлғасының психологиялық құрылымындағы басты компоненттер - ерік-жігер қуаты, рухани тұрақтылық, ұлттық жауапкершілік сезімі мен көшбасшылық мінез-құлықтың табиғатын терең түсінуге мүмкіндік береді. Ол өз өмірі мен іс-әрекеті арқылы ұлттық психологиядағы көшбасшылық феноменнің айқын көрінісін қалыптастырған тарихи тұлға ретінде ерекшеленеді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Әлихан Бөкейхан тұлғасы – ХХ ғасыр басындағы ұлт азаттық қозғалыстың саяси, рухани және интеллектуалдық келбетін айқындайтын тарихи феномен. Сондай-ақ, ұлттық рух пен моральдық принциптердің тірегі ұрпаққа үлгі болған көшбасшы. Қазіргі таңда Әлихан Бөкейханның мінезі мен өмірлік ұстанымдары өз маңызын жоғалтқан жоқ. Бүгінгі жаһандану заманында оның принципшілдігі мен ой еркіндігі жастар үшін үлкен өнеге әрі жауапкершіліктің үлгісі. Ұлы тұлғаның осы қасиеттері қазіргі қоғамда

жастарымыздың әділ болуына, өз пікірлерін ашық айтуға, ел мүддесін қорғауға, отан сүгіштікке және белсенді азаматтар болып тәрбиеленуіне көмектесетіні сөзсіз.

Осы тұрғыдан алғанда, Әлихан Бөкейханның тұлғалық болмысын зерттеу тек өткенді зерделеу емес, қазіргі заман адамдарының рухани даму модельдерін айқындауға мүмкіндік береді. Қазақ үшін қабырғасы қайысып, тек тәуелсіздікке емес, ойдың, білімнің, мәдениеттің тәуелсіздігіне ұмтылған ұлы тұлғаның өмірі мен ұстанымдары ұлттық сана мен парасат мәдениетін жаңғыртудың психологиялық негізі болып қала береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Козодой В. И. Алихан Букейханов: человек-эпоха. -Алматы, 2021. -309 с.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. -Алматы, Санат, 1995. -368 бет.
3. Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. Москва, Россия молодая, 1994. -216 с.
4. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. - Алматы, Санат,1997. -320 бет.
5. Койшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов. - Алматы, 2001.
6. Мұхамедханов Қ. Әлихан Бөкейханов (Телехабар) 1989. - 20 июнь. - Машинкамен терілген 14 парақ.
7. Жұртбай, Т. Қ. Ұраным-Алаш! (түрме әфсанасы): зерттеулер. - Алматы, Ел-шежіре, 2011. - 464 б.
8. Ермеков Ә. Естеліктер мен жазбалар. - Алматы: Санат, 2003. - 244 бет.
9. Күдерин Ж. Алаш арыстары туралы естеліктер. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. - 180 бет.

REFERENCES

1. Kozodoy V. İ. Alıxan Bwkeyxanov: çelovek-époque. -Almatı, 2021. -309 s.
2. Qoygeldıev M. Alaş qozğalı. -Almatı, Sanat, 1995. -368 bet.
3. Amanjolova D. Kazaxskiy avtonomizm i Rossiya. İstoriya dvijeniya Alaş. Moskva, Rossiya molodaya, 1994. -216 s.
4. Omarbekov T. 20-30-jıldardağı Qazaqstan qasireti. - Almatı, Sanat,1997. -320 bet.
5. Koyşıbaev B. Älıxan Bökeyxanov. - Almatı, 2001.
6. Muxamedxanov Q. Älıxan Bökeyxanov (Telexabar) 1989. - 20 iyun. - Maşınkamen terilgen 14 paraq.
7. Jurtbay, T. Q. Uranım-Alaş! (türme äfsanası): zerttewler. - Almatı, El-şejire, 2011. - 464b.
8. Ermekov Ä. Estelikter men jazbalar. - Almatı: Sanat, 2003. - 244 bet.
9. Küderin J. Alaş arıstarı twralı estelikter. - Almatı: Qazaq énciklopediıyası, 1999. - 180 bet.